

«Ақмола облысының
білім басқармасының
Астрахан ауданы бойынша
білім бөлімі
Старый Колутон ауылының
жалпы орта білім
беретін мектебі» КММ

КГУ «Общеобразовательная
школа села Старый Колутон
отдела образования
по Астраханскому району
управления образования
Акмолинской области»

БҰЙРЫҚ

2025ж. 30.04 № 14
Старый Колутон ауылы

ПРИКАЗ

№ _____ от _____ 2025 г.
село Старый Колутон

**«Орта білім беру ұйымдарында
2024-2025 оқу жылының басталу
және аяқталу мерзімдерін,
сондай-ақ білім алушыларды
қорытынды аттестаттаудан өткізу
мерзімдерін айқындау туралы»
2024 жылғы 18 шілдедегі №55 бұйрығына
өзгерістер енгізу туралы**

«Орта білім беру ұйымдарында 2024-2025 оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің міндетін атқарушының 2024 жылғы 10 шілдедегі №174 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» 2025 жылғы 24 сәуірдегі №82 бұйрығы, «Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 30 сәуірдегі №139 бұйрығының негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Орта білім беру ұйымдарында 2024-2025 оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау туралы» Старый Колутон ауылының жалпы орта білім беретін мектебі директорының 2024 жылғы 18 шілдедегі №55 бұйрығына мындай өзгерістер енгізілсін:

2 және 3-тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

2. Қорытынды аттестаттаудың мынадай мерзімдері бекітілсін:

9-сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары 2025 жылғы 29 мамырдан бастап 10 маусым аралығында.

11-сынып оқушылары үшін мемлекеттік бітіру емтихандары 2025 жылғы 30 мамырдан бастап 16 маусым аралығында.

3. Қорытынды аттестаттауды өткізудің мынадай мерзімдері бекітілсін:

9-сынып оқушылары үшін:

1) математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан 2025 жылғы 29 мамыр.

2) казак тілі/орыс тілінде білім беретін мектептер үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектеп білім алушылары үшін жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе) 2025 жылғы 2 маусым.

3) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын), информатика) 2025 жылғы 5 маусым.

4) орыс тілінде оқытатын сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан және қазақ тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан 2025 жылғы 10 маусым.

11 (12) сынып оқушылары үшін:

1) Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан 2025 жылғы 30 мамыр;

2) алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан 2025 жылғы 4 маусым.

3) казак тілі/орыс тілі (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан 2025 жылғы 9 маусым;

4) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, дүние жүзі тарихы, құқық негіздері, әдебиет (оқыту тілі), шетел тілі, информатика 2025 жылғы 12 маусым;

5) орыс тілінде оқытатын мектептерде/сыныптарда қазақ тілі мен әдебиетінен және қазақ тілінде оқытатын мектептерде/сыныптарда орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан 2025 жылғы 16 маусым.

4. Аралық аттестаттауды (5-8 сыныптарда мемлекеттік тілден) өткізу мерзімі №1 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

5. Емтихан материалдарының рәсімделуіне деген жауапкершілік директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары А.Т.Беймагамбетоваға мен А.М.Кожаметоваға жүктелсін.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры



Г.У.Шукеева

«Старый Колутон ауылының
жалпы орта білім беретін
мектебі» КММ
2025 жылдың сәуірдегі
№ 14 бұйрығына
1-қосымша

5-8 сынып оқушыларына арналған
«Қазақ тілі» және «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндерінен
аралық емтихан кестесі

№	сынып	Өткізу мерзімі/уақыты
1	5 сынып	26 мамыр/9.00
2	6 сынып	26 мамыр/12.00
3	7 сынып	27 мамыр/9.00
4	8 сынып	27 мамыр/12.00